

Амандосова М.И.

3 курс докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: amandosmd@mail.ru

ШЫҒЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ

Мақалада Шығыс елдерінің Коммунистік Университетінде партиялық жұмысқа даярлықтан өтіп жатқан қазақ студенттерінің күнделікті тұрмысы қарастырылды. Осыған дейінгі зерттеулерде назардан тыс қалып жатқан тұстар: студенттердің жаңа ортаға бейімделуі, жатақханада орналасуы, жаңа тәртіпке бойұсынуы, білім алу кезіндегі тұрмыстық және қаражат жағынан кедергілері, денсаулығына байланысты шағымдары және т.с.с. мәселелер қарастырылды. Сонымен бірге, осыған дейін ғылыми айналымға енген жаңа деректер ұсынылған.

Түйін сөздер: күнделікті өмір, қазақ студенті, күнделікті тұрмыс, денсаулық, коммунистік университет, шығыс халықтары.

Amandosova M.I.

3-year doctoral student of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: amandosmd@mail.ru

The daily life of Kazakh students in the Communist University of the Working People

The article deals with the everyday life of Kazakh students at the Communist University of the Working People of the East. In particular, such aspects as the adaptation of students in the new environment, the location in the hostel, the adoption of new rules, household and financial obstacles during training, complaints about health and illness, etc., which until then did not attract the attention of researchers. And also in the article are presented new archival materials that have not yet been introduced into scientific circulation.

Key words: everyday life, Kazakh students, life, health, communist university, eastern nationalities.

Амандосова М.И.

докторант 3 курса Казахского национального педагогического университета имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: amandosmd@mail.ru

Повседневная жизнь казахских студентов в коммунистическом университете трудящихся востока

В статье рассматривается повседневная жизнь казахских студентов в Коммунистическом университете Трудящихся Востока. В особенности такие аспекты как адаптация студентов в новой среде, расположение в общежитии, принятие новых правил, бытовые и финансовые препятствия во время обучения, жалобы на здоровья и болезни и т.п., которые до этих пор не привлекали внимание исследователей. А также в статье представлены новые архивные материалы которые еще не введены в научный оборот.

Ключевые слова: повседневная жизнь, студенты казахи, быт, здоровье, коммунистический университет, восточные национальности.

Кіріспе

XX ғасырдың 20-30 жылдары саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмірдегі көптеген өзгерістермен тарихта қалды. Бұл кезең жаңа талаптарды тудырты, Қазақстан жерінде жаңадан қалыптасып жатқан Кеңестік биліктің бір ерекшелігі студенттік ортаның қалыптасуы және жас ерекшелігі мен білім деңгейіне қарамастан жоғары оқу орындарына талапкерлердің тартылуы. Сонымен қатар, білім беру орындарын Кеңестік идеологияны тарату құралы ретінде пайдалану болып табылады. Сауат ашушы киіз үйлер, оқырман үйлері, кеңестік партиялық мектептерден құралған тізбекте ең жоғары деңгейде тұрған жоғары партиялық мектептер, немесе коммунистік университеттер еді. Олардың мақсаты жергілікті партиялық қызметкерлер үшін теориялық және тәжірибелік тұрғыда марксистік-лениндік білім беру болды. Осындай оқу орындарының ішінде ең бірінші болып 1918 жылы құрылған Свердлов атындағы Коммунистік Университет, осы университеттің үлгісі бойынша Шығыс Еңбекшілерінің Коммунистік Университеті құрылды. Алайда, ШЕКУ-дің оқу бағдарламалары Свердлов атындағы Коммунистік Университеттен әлдеқайда ерекшеленді. Өйткені, ШЕКУ-де білім алушылардың дені шаруа табынан шыққан аз білімді немесе тіпті сауатсыз шығыс ұлт өкілдері болатын. Міне осындай ерекшеліктеріне байланысты ШЕКУ студенттерінің, солардың қатарында болған қазақ студенттерінің күнделікті өмірін зерттеуге қызығушылық туындайды.

Соңғы жылдарда тарихы ғылымында зерттеушілердің назарын аударып жатқан жаңа бағыт – күнделікті өмір тарихын зерттеу. Өйткені күнделікті өмір тарихы өткенді танып білудің жаңа методологиялық бағыты ғана емес, сонымен бірге зерттеу әдістеріне жаңа мүмкіндік, тыныс беретін әдіс құралы.

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университеті 1921-1938 жылдар аралығында Шығыс халықтарынан таптық идеологияны тарататын және социалистік жаңа мемлекет құру үшін қызмет ететін жаңа кадрларды даярлау үшін қызмет етті. Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіндегі қазақ студенттерінің күнделікті өмірін қалпына келтіру үшін Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты мен Қазақстан Республикасының Перизентінің мұрағатынан алынған құжаттар және ШЕКУ-ден шығып тұрған «Восточник», «Под знаменем Ильича»,

«Сталинец» атты газет беттерінде жарияланған естеліктер сараланды.

ШЕКУ студенттерінің тұрмыс жағдайы.

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінде студенттерді баспанамен, киіммен, тамақпен және де басқада тұрмыста қажетті заттармен қамтамасыз ететін және сонымен қатар олардың күнделікті дағдыларын тәртіпке келтірумен және тәрбиелеу жұмыстарымен айналысатын арнайы ұйым болды, ол ШЕКУ Еңбек Коммунасы. «Коммуна» сөзі француз тілінен аударғанда ортақ қызығушылығы, меншігі, қоры бар және бір мақсат айналысында біріккен қауым деген мағына береді. ШЕКУ Еңбек Коммунасы коммунистік тәрбие жүргізу үшін, сонымен қатар ШЕКУ студенттерінің материалдық және гигиеналық жағдайын жақсарту үшін құрылған. ШЕКУ Еңбек Коммунасы қатарына барлық студенттер және оқытушылар енді және олар толықтай Коммуна басқармасына бағынды.

ШЕКУ-дің Еңбек Коммунасы басқармасына – Коммуна басқармасы; Үй және дәліз комитеттері; Кезекшілер институты енді. Коммуна басқармасы Университет ішінде әкімшілік-шаруашылық жұмыстарды басқарды. Басқарма құрамына: а) Басқара төрағасы; б) денсаулық және санитарлық нормалар кеңесінің төрағасы; в) әкімшілік жұмыстарының төрағасы; г) азық-түлікпен қамту жұмысының төрағасы; д) өзара көмек көрсету комиссиясының төрағасы; е) кітап және театр жұмысының төрағасы; ж) басқарма хатшысы енді (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 8-іс. 62-п.).

Коммуна басқармасының отырысында студенттердің Коммунаға қабылдануы, асхананы студенттер мен қызметкерлердің қолдануы, киімнің бөлінуі, студенттердің жатақханамен қамтамасыз етілуі, қаржылай көмек беру жайлы мәселелер талқыланды. Коммуна көмегінен тыс қалған тек бір мәселе болды, ол студенттердің Университет қабырғасына жеткізілуі.

ШЕКУ-дің басқа коммунистік жоғары оқу орындарынан ерекшелігі, студенттер құрамының көп ұлттылығы, сондықтанда оқу орнына Коминтерн мен Ұлттар Комиссариаты жетекшілік етті. 1921 жылы алғашқы оқу жылында 700-ге жуық студенттер, 40 ұлт өкілінен шыққан еді (Тимофеева, 1988: 6.). Университет жұмысын ұйымдастырудағы ең қиын мәселе, түрлі ұл өкілінен шыққан талапкерлерді бір қабырғада жинақтау болды. Университет жұмысы екі бағытта жүргізілді, біріншісі, әлі де капиталистік елдердің езгісінде жатқан шығыс елдерінің

өкілдерінен революционерлік рухты таратушы тұлға тәрбиелеу және соған сәйкесінше білім беру болса, екіншісі, КСРО құрамына енген шығыс ұлт өкілдерінен партиялық қызметке лайықты кадр даярлау болатын. Бірінші бағытта Үндістан, Пәкістан, Қытай, Түркия, Жапония, Корея, Египет және т.б. елдерден студенттер шақыртылды. Олардың Университетке жетуін, жолақысы толықтай Университет немесе Коминтерн тарапынан төленетін. Олар шетелдік топтың ішіне еніп, жалпы студенттер құрамының 10-25 пайызын құрады (Панин. 2012: 166.).

Ал, КСРО құрамына енген Шығыс елдері үшін жағдай өзгеше еді, студенттердің тандалып алынуы және даярлығы, олардың оқу орнына жөнелтілуі және сынақтан өтпеген жағдайда қайта жұмыс орнына қайтуы толықтай жергілікті ұйымдардың міндетіне енді. Студенттердің Университетке сынақтан өтуі үшін жөнелтілуін Университет басқару бөлімі Өлкелік Комитет құрамындағы Үгіт-насихат бөліміне тапсырса, өз кезегінде Үгіт насихат бөлімі студенттердің екі бағыттағы жол ақысы мен күнделікті қаржымен қамтамасыз етілуін соңғы жұмыс орнына тапсырған. (ҚРПМ 141-қ. 1-т. 327-іс. 1-п.).

XX ғасырдың 20-жылдары Азамат соғысы кезінде орнаған «Әскери коммунизм саясаты», соның салдарынан орын алған ашаршылық Қазақ халқына кері әсер еткені бәрімізге белгілі. Бұл жағдай қазақ даласынан оқуға жөнелтілген студенттерге де әсерін тигізбей қоймады. Студенттердің жол ақысы және киіммен қамтамасыз ету қиындықтар туындатты. Университет алғашқы құрылған жылдары Коммуна көмегі арқылы Мәскеудің қытымыр ауа-райына үйренбеген студенттерге жылы киімдерді қосымша бөлу шаралары жүргізілді. Жалпы, студенттерді киіммен қамту жұмысы 1924 жылға дейін дұрыс жолға қойылмаған болатын, әсіресе қазақ студенттерін толықтай арнайы киіммен қамтамасыз ету мәселелері көтерілмеген еді. Тек 1925 жылы ШЕКУ Коммуна басқармасының ерекше талабымен ҚазАСКР үкіметінің уәкілділік мекемесінен қазақ студенттерінің киімі үшін қаражат төленуін талап етеді (ҚРПМ 141-қ. 1-т. 335-і. 148-п.). Алайда, оқуға қабылдау ережесінде, Университет өз тарапынан тек төсек бұйымдары, шәкіртақы және азық-түлік беріледі, ал киіммен оқуға жөнелткен ұйым қамтамасыз ету қажет деп айтылған. Студенттерді киіммен қамтудың қиын болғандығын «Под знаменем Ильича» гезітінің бетінде «А как насчет обмундирования?» атты мақаласында айқын көрініс тапқан: «...Дело в

том, правила – приема на 24-25 уч.год ясно говорят, что командиремый товарищ должен снабжаться обмундированием той организацией, которой он командирован. Хорошо, если эта организация имеет средства. А если нет. Я вот про себя скажу, я приехал их красной армии, командирован ЦК РЛКСМ ЦИК мне категорически отказал, так же и предствительство. Спрашивается, каким образом я должен существовать? Вот зима на носу, а как говорить гол как сокол. Если посмотреть много таких ребят.» (Кутузов. 1924). 1929 жылдан бастап, оқуға қабылдау ережесінде Университет студенттерді киіммен қамтамасыз етуді өзі ұйымдастыратындығын, тек жергілікті ұйымдардың қаражат бөлуі міндетті деп жазылады. 1925 жылғы дерек бойынша әрбір студентке киім алу үшін 109 руб. 50 коп. құрады. Мұның ішінде: пальто -30 р.; костюм-41 р.; аяқ-киім-12 р.; су етік-3р.; бас киім-3р.; 3 шұлық-3 р.; 4 іш киім-16 р.; белдік-1р.50 к. енді (ҚРПМ 141-қ. 1-т. 335-іс. 143-п.).

ШЕКУ студенттерінің барлығы шалғай аймақтардан келгендіктен, университет оларды жатақханамен қамтамасыз етуге міндетті еді. Алайда, Университеттің материалды-техникалық жағдайы студенттердің барлық мұқтаждықтарын өтеуге мүмкіндік бермеді. 1921 жылы ШЕКУ қарамағында төрт ғимарат болды, оның біреуі ғана жатақханаға арналған, ал қалғандары дәріс жүргізуге және әкімшіліктің орналасуына арналды. Бұл берілген ғимараттарда 2000-ға жуық студенттер орналаса алады деп күтілгенімен, шын мәнісінде, қараңғы, жөндеу жұмыстары жүргізілмеген бөлмелердің өзінде 10-15 студенттен орналасуға тура келді. Ал дәріс жүргізуге бар жоғы 15 аудитория ғана қалды. Сабәк жүргізу әдісі «топтық» болғандықтан бұл аудиториялар саны мардымсыз болды (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 7-і. 7-8 пп.). 1922-1923 оқу жылына байланысты жылы ШЕКУ ректоры жасаған баяндамасында тұрғын-үй мәселесінің әлі де шешім таппағандығын және университеттің жалпы жағдайының өте төмен жағдайда екендігін хабардар етеді (РМӨСТМ 532-қ. 1-т. 5-іс. 1 п.). Бұл жағдай біздің мәліметтер бойынша 1925 жылға дейін сақталды. Оған себеп Мәскеу қаласының тұрғын-үй кеңесі Университет үшін жаңа ғимараттарды беруін кешеуілдетуі. ШЕКУ қабырғасынынан 1923 жылы шығып тұрған «Восточник» газетінде «Бытовая картина [Тұрмыс бейнесі]» атты мақалада жатақхананың күнделікті тұрмысы сипатталған: «Глубокая ночь. Часы показывают два ночи. Студенты давно уже легли спать. За столом сидит один

парторганизатор с папироской в зубах и что-то пишет. Приходят товарищи «Дай прикурит – пожалуйста». Завязался разговор. Приходит второй – «Курит есть – есть». Курят, спорят, приходят, уходят и так без конца. «Товарищи, пора спать» предупреждает сосед по койке. «Ну спи, что я тебе мешаю, что ли». «Конечно мешаешь» говорят несколько товарищей. «Я вас не держу, спите». Снова пишет, пишет и пишет. Староста ему снова напоминает о постановлении общего собрания комнаты «Какое мне дело, что постановили» – выпаливает ревностный наш организатор, «Ложитесь спать» загудели кругом. «Пока я не кончу своей работы, не лягу спать». «А не хочешь считаться с общим мнением коллектива, то мы тебя заставим согласиться» решает наш староста. Встал, подошел к выключателю и потушил электричество. Наш организатор рассердился и снова зажег свет. «Нас двенадцать человек, а ты один не даешь ни кому покоя» – гулят проснувшиеся товарищи. Ретивый парторганизатор садится и снова начинает писать. Долго еще стоял шум и гам, ругательство со стороны нашего организатора. «С этим нужно покончить». Такое решение всей комнаты» (Катушкина. 1923).

Жалпы студенттер екі негізгі топқа бөлінген, біріншісі «Кеңестік топ», екіншісі «Шетелдік топ». Оларды жатақханаға орналастыруда да осы ерекшеліктері ескерілген. Біздегі мәліметтер бойынша 1925 жылдан бастап қазақ студенттері басқа да Сібір халықтарынан және Орта Азияның басқа да ұлт өкіледірінен шыққан студенттермен бірге М.Путинковская көшесінде орналасқан 5 үйде, Малая Бронная көшесіндегі 15 үйде және Тверская желек жолында орналасқан.

Университет жатақханасы тікелей ШЕКУ Коммунасына бағынғандықтан, тұрғын үйлердегі тәртіп пен тәрбие жұмыстары арнайы старосталар мен комитеттерге жүктелді. Әрбір үйде «Дәліздік (үйдің) комитеті» құрылады. Олардың жұмысы әрбір дәліздің ішкі тұрмыс тіршілігін, тәртібі мен тазалығын қадағалау, дәліз бойынша жұмыстарды реттеу үшін апта сайын екі рет жиналыс ұйымдастырылатын. Студенттердің жатақхана қабырғасында саяси даярлығын дамуын, үйірмелерге қатысуын және олардың күнделікті газеттерді оқып, оларды талқылауын қадағалайтын «Дәліздік саяси жетекші» қызмет атақарды. Сонымен қатар, дәліз старостасы, бөлме старостасы жатақхананың ішкі тұрмысына араласып, студенттердің ішкі тәртібін ұйымдастыруға тікелей қатысқан (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 8-іс. 68-70 пп.).

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінің ашылуы жөнінде 1921 жылы РСФСР БОАК жариялаған декретінде: «...В отношениях всех видов довольствия студентов, сотрудников и преподавателей, а равно и оплаты труда последних, Университет Трудящихся Востока приравнивается к высшим учебно-военным заведениям» (СУ. 1921, 5 мая, №5, с. 191) деп көрсетілген. Алайда іс жүзінде ШЕКУ-де азықпен қамту жағдайы қандай болғандығын Г. Бройдо берген есебінде толық көрініс табады: «Мы до сих пор не получили того пайка, который получают Свердловские студенты. Теперь только нам дается в натуре фронтный паек, который более или менее может нас удовлетворить или вернее мог бы, если бы не специфические вкусовые различия. Вот например селедки. Есть целая группа иноземцев, которые даже в самом голодном состоянии не будут есть селедки, и нам приходится ее заменять овощами или другими вещами. В этом направлении мы получили возможность заготовить продукты в Туркестане, нам ассигновали на это 150 миллионов. В настоящее время конечно все стало очень дорого, но наш кооператив открыл лавочку, где продают продукты сотрудникам по более дешевым ценам. Есть надежда, что кооператив даст результаты.» (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 7-іс. 8 п.). Университет студенттерінің құрамы түрлі болғандықтан, олардың азық түлікке сұраныстары әр түрлі болғандығын көріп отырмыз. Осы жағдайдың алдын алу үшін Университет Коммунасының ережесі бойынша Университет тарапынан қамтамасыз етілетін студенттер ортақ азық-түлік қорына өздерімен алып келген азық түлікті өткізуі қажет болды (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 8-іс. 71 п.). Студенттерден алынған азық-түліктер арнайы студенттердің тамақтануына жақсартуға арналған арнайы қорға түстіп отырған, ал жеке қолданысындағы заттарын тізімдеп, азығын қорға өткізуден бас тартқан студенттер Университет қабырғасынан аластатылған (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 13-іс. 8 п.). Студенттер Университет тарапынан 3 мезгіл тамақтанған, алғашқы уақытта ортақ асхана қолданысқа берілгенге дейін жатақханалардағы асханалар қолданыста болған. Кейінгі уақытта қаржы тапшылығына байланысты және тамақтың сапасын арттыру мақсатымен кешкі ас орнынан жатақханада кешкі шай ішу ұйымдастыру ұсынылады. 1924 жылы Под знаменем Ильича газетінің №4 санында Кремнев және Контиев мұндай өзгерістің экономикалық тиімділігін түсіндіреді: «В настоящее время ужин обходиться на каждого челове-

ка в $11^{1/4}$ коп. Вечерний чай (в размере завтрака) будет обходиться в $9^{7/8}$ коп.; разница на каждого человека – в $1^{3/8}$ коп., на 1200 чел., это даст экономия в день на одном только ужине 16 руб. 50 коп.; в месяц круглыми цифрами – 500 руб.

... Выгоды же для студентов будут весьма очевидны. Будет возможность улучшить качество обеда, так как повара не будут его готовить на спех, боясь задержать ужин. А полученную нами денежную экономию можно будет употреблять на улучшение и разнообразие пищи.» (Кремнев и Контиев, 1924).

Кейінгі уақытта бұл бастама іске асырылып, ШЕКУ студентінің тамақтану рационы мынадай болды: таңғы асқа шай, нан, май жатақханада бөлмелерге беріледі; түскі ас – аспаздар даярлауы бойынша толық ас қабылдау, ортақ асханада берлді; кешкі ас таңғы ас рационымен бірдей жатақханала беріледі. Интеллектуалды, қоғамдық және де физикалық жұмыстарға көптеп энергия жұмсайтын студент үшін мұндай рацион жеткілікті болды деп айта алмаймыз. Сондықтан да, қазақ студенттері соңғы 3 курста көптеп ауруға шалдығып, тіпті қазақ еліне қайта алмай Мәскеуде айықпас ауруға шалдыққандар көз жұмып жатты.

ШЕКУ студенттерінің денсаулық жағдайы

ШЕКУ оқуға қабылдау ережелерінде жылдан жылған ауыспайтын бір тармақ – оқуға жөнелтілушілердің толықтай денсаулығы жақсы болуы, егер де интеллектуалды жұмыс істеу үшін кедергі келтірмейтін мүгедектер болса, оларда оқуға қабылданады делінген. Оқуға түсуге ниет білдірген азаматтар сынақ емтихандарын тапсырғаннан кейін, толықтай медициналық тексерістен өткен, егер де денсаулығы алдағы ауыр оқу кестесіне шыдай алмайтын болып табылса, оқуға қабылданбай кері жіберілген (О приеме в КУТВ, 1922). Оқуға тапсырушыларға осындай қатаң талаптар орнатқанымен, Университеттің өзі оқу барысында білім алушылардың денсаулығын сол деңгейде сақтауға қаншалықты көмек бере алатын еді, деген сұрақ туындайды. Сол себепті, Университет қабырғасында сақталған санитарлық-гигиеналық жағдай, студенттердің жиі шалдыққан аурулары және оларды емдеу шараларын талдап көрейік.

Студенттерді гигиеналық тазалықты сақтауға тәрбиелеу ШЕКУ Коммунасының міндетіне енді. Университет басқармасы да санитарлық-гигиеналық тәртіпке аса мән бергендіктен,

студенттерді тазалық сақтауға қажетті заттармен қамтамасыз ету үшін қаражат тапшылығына байланысты, ғылыми сыныптарды, кітапхананы жабдықтаудан және жаңа оқулықтарды сатып алудан бас тартып жатты (РМӘСТМ 532-қ. 1-т. 5-іс. 1 п.). Мысалы, бір студенттің санитарлық-гигиеналық жағдайын сақтау үшін кететін шығын 1923 жылы мынадай болған: монша – 200 р.; шаштараз – 252 р.; ішкіім – 150 р.; ссабын – 75-100 р.; иіс сабын – 200 р.; аяқ-киім тазалайтын май – 40 р., барлығы 800-1000 рубль шамасында болады. Бұл тізімде тіс тазалау құралдары енген, оларды қоса есептегенде 1200-1500 рубль шамасында шығын құрайды (РМӘСТМ 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 8 п.). Бір бөлмеде 12-15 студент өмір сүретін болғандықтан олардың тазалығына көңіл бөлу өте маңызды болды. Олай болмаған жағдайда жан-жақты жұқпалы аурулардың тарауына алып келер еді. Университе қабырғасына әлемнің түпкір-түпкірінен студенттер жиналатын болғандықтан Университеттің бас дәрігерінің мақсаты жұқпалы аурудың тарап кетуіне жол бермеу болды.

Ең алдымен Университет қабырғасына талапкер болып келген студент 10 күн арнайы изоляторда өмір сүрді, осындай оқушауланған жағдайда олар тексерістен өтті. Аптасына екі рет моншаға түсіп, ішкіімдері мен төсек орандарын ауыстырып отырды. 1923 жылы осындай изоляторлық жағдайда жаңа студенттер қатарынан безгек ауруына шалдыққан төрт адам анықталды. Жалпы есепте 200 адам денсаулық жағдайына байланысты кері жөнелтілді. Олардың ішінде венерологиялық, безгек, өкпе және жүйке жүйе ауруларына шалдыққандар болды (РМӘСТМ 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 9 п.).

Жатақхана ұйымдастыру кезінде жеке және қоғамдық гигиена ережелері толықтай сақталып отырды, яғни, бөлмелерді жинаулы ұйымдастыру, дене гигиенасы, физикалық жаттығулар және барлық коммуна мүшелерінің тазалық сақтауға қатысуын дәліздік және бөлмелік старосталар қадағалады.

Алайда, мұндай қатаң бақылау орнағанымен барлығы ережеге сәйкес іске асқан жоқ, мысалы, 1923 жылғы мәліметтер бойынша апта сайын моншаға барып, іш киімін ауыстыратын студенттердің бөлігі 60-65 пайызды құрады. Мұндай төмен көрсеткішті бірнеше себептермен түсіндіреді, біріншіден, ішкіімнің жеткілікті болмауы (1 кестеден қараңыздар), екіншіден, моншаға кететін шығындарды Университет қаражатынан өтей алмауы (РМӘСТМ 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 10 п.).

1-кесте – 1923 жылғы мәлімет бойынша студенттерге қажетті киімдер саны (532-қ. 8-т. 13 а-іс. 7 п.)

Аты	Қажетті саны	Қолда бары
Жейде	2880 дана	1838 дана
Кальсон	2880 дана	1785 дана
Жастыққап	2880 дана	1355 дана
Ақжайма	2880 дана	1757 дана
Қолорамал	2880 дана	1077 дана
Беторамал	2880 дана	241 дана
Әйелдердің іш көйлегі	450 дана	241 дана
Панталон	450 дана	229 дана
Белдемше	450 дана	225 дана
Шұлық	450 жұп	56 жұп

Студенттердің оқу үрдерісінен қажуын болдырмау және аурулардың алдын алу үшін «Муравей» атты спорттық үйірме жұмыс жасады. Оған 120 студент мүшелікке енді. Олар гимнастикалық залдың жұмысын жүргізумен және қыстық спорт түрлерін ұйымдастырумен айналысты. Гимнастикамен барлық студенттер міндетті түрде айналысты, спорттық жаттығулар оқу бағдарламасына енген болатын (РМӨСТМ 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 10 п.). 1925-1926 оқу жылынан бастап оқу бағдарламасына дене шынықтыру сабағы енді. Алайда бұл жасалған барлық шаралар студенттердің денсаулық жағдайының төмендеуіне кедергі бола алмады. Оқу мен қоғамдық жұмыспен асыра жүктеу, тұрмыс жағдайының төмен болуы және жазғы демалыс кезінде студенттердің толыққанды демалуына мүмкіндік бермейтін іс-тәжірибе, осының барлығы студенттердің денсаулығына кері әсерін беріп отырды. ШЕКУ қабырғасында әрбір студентке арнайы медициналық карта жасалатын, жылына екі рет медициналық тексерістен өткізіліп, сонымен бірге, бір курстан келесіге өткізілу мәселесі қаралғанда денсаулық жағдайына үлкен мән беретін. ШЕКУ студенттерінің арасында ең көп тараған жұқпалы аурулар арасында – туберкулез, трахома және венерологиялық аурулар көп назар аудартатын. Бұл аурулардың туындауына әрине, студенттердің тұрмыс жағдайының төмен болуы себеп болды, жоғарыда айтып өткеніміздей, жатақхана бөлмелерінде 12-15 студенттен орналасқан, сол бөлмеде бір студент шылым тартып отырса, екіншісі сабағын оқып отырған. Сонымен қатар, моншаға барып, іш киім ауыстырып, алғашқы керекті санитарлық жағдайды

сақтауға да толық мүмкіншілік болмаған. Сонықтанда осындай аурулардың тарауына жол беріліп отыр. Сонымен бірге, Мәскеудің ауа райы жағдайының қатаң болуы да өз әсерін тигізбей қоймады. 1925 жылдан кейін студенттер арасында туберкулез ауруына шалдыққан студенттерге арнайы бөлек бөлмелердің бөлінуін талап ете бастайды, алайда бұл мәселе 1930 жылға дейін өз шешімін таппайды.

Университет әкімшілігін және ШЕКУ бас дәрігері Маянц мырзаны мазалаған тағы бір үлкен мәселе – студенттер арасында венерологиялық аурудың тарауы. Жыныстық жолмен тарайтын ауруға шалдыққан студенттер қатары көбейген сайын, ең алдымен студенттер арасында түсіндіру және дәрістер оқу шаралары жүргізілді. Олар Университетте газетінің бетінде көрініс тапқан. «Половой вопрос», «Половое воздержание» (Маянц, 1926.) секілді мақалалар жарияланған. Трахома, венерологиялық аурулар көп жағдайда үндіс, вьетнам, қытай және т.б. ұлт өкілдерінен шыққан студенттерде көп кездесетін еді. Студенттердің жеке істеріне сүйене отырып, біз қазақ студенттері көп жағдайда қан аздығы, жүйке жұқаруы, фиброзды туберкулез, ревматизм секілді ауруларға шалдыққан деп қорытындылай аламыз. Осы ауруларда емдеу үшін Университеттің арнайы емдеу санаторияларына немесе демалу үшін елге қайтарып отырған. Қазақ студенттерінде мұндай аурулар көбіне соңғы 3 курста байқалған, яғни оқудың тым көп жүктемелеріне студенттердің денсаулығы сыр беріп, жүйке жүйесі шаршаған, қандай болмасын алдын алу шаралары нәтиже бере алмаған.

Қорытынды

Жоғарыда берілген мәліметтерді қорытындылай келе, біз Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінде білім алған қазақ студентінің күнделікті өмірінің бейнесін мүмкіндігінше қайта қалпына келтіре аламыз. ШЕКУ студенті атануға үміркер болып қазақ жерінен Мәскеуге аттанған студенттің жолақысы толықтай соңғы жұмыс істеген орнынан төленді. Университетке талапкер ретінде тіркелгеннен кейін 10 күн бойы арнайы изоляторда өмір сүрді. Осы кезеңде талапкер оқуға түсу үшін сынақтан, сонымен қатар толықтай медициналық тексерістен өтті. Мұндай изоляторда, басқа студенттерден оқшау өмір сүруінің себебі, егер де жаңа түскен студенттер арасында жұқпалы аураға шалдыққандар болған

жағдайда, оның жоғары курс студенттеріне тарап кетуін болдырмау болып табылады. Изоляторда студенттерді ұстауды сонымен бірге тәрбиелік те мақсаты бар. Олар жоғары курс студенттерінің қадағалауымен аптасына екі рет моншаға түсіп, іш киімдерін, төсек орындарын ауыстыруға дағдыланды. Сынақ емтихандарынан және медициналық тексерістен өткен талапкерлер ШЕКУ студенті атанып толықтай Университет тарапынан қамтамасыз етілді. 1923-1924 оқу жылынан бастап студенттерді киіммен қамтамасыз ету жөнелтіп отырған ұйымға міндеттелінді. Алайда өңірлердің экономикалық ахуалы төмен болғандықтан 1930-жылдарға дейін студенттерді киіммен қамтамасыз ету қиын мәселелердің бірі болып табылды. Жатақханада топтасып бір бөлмеде 12-15 адамнан орналасты. Жатақханадағы тәртіпті және тазалықты бөлме старосталары мен дәліздік старосталар қадағалады. Жатақхананың оқу бөлмелерінде саяси дәліздік старостаның

жетекшілігімен газеттер оқылып, талқыланып жатты. Жалпы, ШЕКУ қабырғасындағы студент ешбір демалыссыз теориялық білім алумен қатар партиялық, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып отырды, тіпті жазғы демалысқа берілетін уақытта өз өңірінде іс-тәжірибе жүргізуі қажет болды. Осындай дамылсыз оқу барысында көптеген қазақ студенттерінің денсаулығы сыр беріп, оқуды аяқтай алмай кері кетіп жатты. Денсаулығының нашарлауына тамақтану рационының өзгерісі, толыққанды 3 мезгілдік тамақтанудың болмауы әсер етті. Қорытындылай келе, Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінде білім алған қазақ студенттерінің тұрмыс жағдайы Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған экономикалық саясатының бірден-бір көрінісі болып табылады. Қазақ студенттерінің оқуға жөнелтілу және оқу барысында тұрмыс жағдайында кездескен қиыншылықтары сол тарихи кезеңнің ерекшеліктерін одан әрі айқындай түседі.

Әдебиеттер

- Тимофеева, Н.Н. (1988) Коммунистический университет трудящихся Востока (КУТВ) – центр идейной подготовки коммунистических и революционных кадров Востока : автореферат дис. ... кандидата исторических наук . – Москва. С. – 17.
- Панин Е.В. (2012) Материально-бытовые условия жизни студентов интернациональных и национальных коммунистических университетов Советской России (1920-1930-е гг.) Теория и практика общественного развития. № 3. С. 165-168.
- СУ. 1921, 5 мая, №5, с. 191
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 1-т. 5-іс. 1 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 7-іс. 8 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 7-іс. 7-8 пп.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 8-іс. 62-п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 8-іс. 68-70 пп.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 8-іс. 71 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 13-іс. 8 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 8 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 9 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 10 п.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қ. 8-т. 13 а-іс. 7 п.
- Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты 141-қ. 1-т. 327-іс. 1-п.
- Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты 141-қ. 1-т. 335-іс. 148-п.
- Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты 141-қ. 1-т. 335-іс. 143-п.
- О приеме в Коммунистический Университет трудящихся Востока при Наркомнаце. (1922) . Жизнь национальностей. №16, 31 июля.
- Катушкина. (1923). Бытовая картина. Восточник №2, 21 апреля.
- Кремнев и Контиев. (1924). Дела коммунальные. Под знаменем Ильича №4, 8 марта.
- Кутузов. (1924). А как насчет обмундирования?. Под знаменем Ильича №8, 22 сентября.
- Маянц. (1926). Половое воздержание. Под знаменем Ильича. №2, 26 февраля.

References

- Timofeyeva, Natal'ya Nikolayevna. (1988) Kommunisticheskiy universitet trudyashchikhsya Vostoka (KUTV) – tsentr ideynoy podgotovki kommunisticheskikh i revolyutsionnykh kadrov Vostoka[The Communist University of the Working People of the East (KUTV) is the center of the ideological preparation of the communist and revolutionary cadres of the East]: avtoreferat dis. ... kandidata istoricheskikh nauk. – Moskva. S. – 17.

Panin Ye. V. (2012) Material'no-bytovyye usloviya zhizni studentov Sovetskiye Rossii (1920-1930-ye gg.). [Material and living conditions of life for students of international and national communist universities of Soviet Russia] Teoriya i praktika obshchestvennogo razvitiya. № 3. S. 165-168.

SU. 1921, 5 maya, №5, s. 191

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 1-t. 5-is. 1 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 7-is. 8 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 7-is. 7-8 pp.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 8-is. 62-p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 8-is. 68-70 pp.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 8-is. 71 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 13-is. 8 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 13 a-is. 8 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 13 a-is. 9 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 13 a-is. 10 p.

Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarikh murağaty [Russian State Archive of Social and Political History] 532-k., 8-t. 13 a-is. 7 p.

Kazak ,stan Respublikasy Prezidentiniñ Murağaty [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141-k., 1-t. 327-is. 1-p.

Kazak ,stan Respublikasy Prezidentiniñ Murağaty [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141-k., 1-t. 335-is. 148-p.

Kazak ,stan Respublikasy Prezidentiniñ Murağaty [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141-k., 1-t. 335-is. 143-p.

O priyeme v Kommunisticheskiy Universitet trudyashchikhsya Vostoka pri Narkomnatse. [On the admission to the Communist University of the Workers of the East under the People's Commissariat.] (1922). Zhizn' natsional'nostey. №16, 31 iyulya.

Katushkina. (1923). Bytovaya kartina. [Household picture.] Vostochnik №2, 21 aprelya.

Kremnev i Kontiyev. (1924). Dela kommunal'nyye. [Communal affairs.] Pod znamenem Il'icha №4, 8 marta.

Kutuzov. (1924). A kak naschet obmundirovaniya? [And what about uniforms ?] Pod znamenem Il'icha №8, 22 sentyabrya.

Mayants. (1926). Polovoye vozderzhaniye. [Sexual abstinence.] Pod znamenem Il'icha. №2, 26 fevralya.